



Fawori Synthetic Parquet Varnish

Паркетке арналған лак

ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Модификацияланған алкид жабындысы бар уретан негізіндегі бір компонентті жылтыр паркетке арналған лак.

СИПАТТАМАЛАРЫ

Терең және тұрақты жылтырлық. Ішкі ағаш беттердің табиғи көрінісін бұзбайды және түсін өзгертпейді. Мөлдір. Сарғаймайды және қатты қабық түзеді. Сұйық тұрмыстық тазалау құралдарының әсеріне төзімді. Қылшақ іздерін қалдырмайды.

ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР

Ішкі ағаш едендер, баспалдақтар мен паркеттер үшін қауіпсіз пайдалануға болатын шыны төрізді лак.

ЖАҒУ ӘДІСІ

Fawori Synthetic Parquet Varnish синтетикалық паркет лагын жағу үшін беттің жеткілікті құрғақ және кірден тазартылғанына көз жеткізіңіз. Өңделмеген, кедір-бұдыр бетке алдын ала Fawori Cellulosic Filling Varnish целлюлозалы әрлеу лагын жағыңыз. Егер беті бұрын лакпен қапталған болса, Betek Parquet целлюлозалы әрлеу лагын жағар алдында бетті қырғышпен тазалаңыз. Дайындалған тегіс бетке Fawori Synthetic Parquet Varnish паркет лагының екі немесе үш қабатын жағыңыз. Әр қабатты жаққаннан кейін 12 сағат күту қажет. Бетінде жүруге 24 сағаттан кейін рұқсат етіледі. Лак жағылатын ағаштың ылғалдылығы 15%-дан аспайтынына көз жеткізіңіз

Жағу кезінде және толық кебуге дейін қоршаған орта мен беттің температурасы +5°C пен +30°C аралығында болуын қамтамасыз етіңіз, сондай-ақ беттерді қатудан қорғаңыз. Жағу үшін қылшақ, білдек немесе бүріккіш қолданыңыз.

Біздің өніміміз 30.06.2007 ж. № 26568 Жалпы техникалық құрылыс нормаларына сәйкес салынған негіз беттеріне жағуға жарамды. www.fawori.com сайтында MSDS (Материалдың қауіпсіздік деректер парағы) және TDS (Техникалық деректер парағы) құжаттарымен таныса аласыз. Онда қолдану туралы толық ақпарат, қауіпсіздік шаралары және сақтық ережелері қамтылған

Ауасыз шашыраутды қолданған кезде

Қысым: 120-140 бар

Шүмектің көлбеулену бұрышы: 50°

Шүмектің өлшемі (дюймдер) : 0.010"

Сұйылту: 10-15 % (көлемнен)

СҰЙЫЛТУ

Бірінші қабатты жаққанда Fawori Synthetic Thinner сұйылтқышын 25% мөлшерінде пайдалану ұсынылады, ал екінші және қажет болған жағдайда үшінші қабат үшін – 10-15%. Басқа маркалы сұйылтқыш қолданылған жағдайда көпіршіктердің пайда болуы, шөгу, жарықтар түзілуі және кеуіп кету мәселелері сияқты ақаулар туындауы мүмкін екенін ескеріңіз.

КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта)

Қабаттың толық қалыңдығы бойынша кебу уақыты – 12 сағат. Бетінде жүруге 24 сағаттан кейін рұқсат етіледі. Толық физикалық және химиялық беріктігіне 4 күн ішінде жетеді (кептіру уақыты жоғары салыстырмалы ылғалдылық пен төмен температура жағдайында ұзарауы мүмкін).

МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ

Ағаштың түріне және сіңіру қабілетіне байланысты 1 литр лак 14-16 м² аумаққа бір қабат ретінде жағылуы мүмкін. Түс пен шығын ағаштың түріне, беттің күйіне, қабаттардың санына және жағу әдісіне байланысты өзгеруі мүмкін. Дәл шығын мөлшерін анықтау үшін бақылау мақсатында сынама жағу жүргізіңіз.

ЖАНУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ

36°C

САҚТАУ

Өнімді ашылмаған қаптамада 3 жыл бойы құрғақ және салқын жерде, суықтан және тікелей күн сәулесінен алыс сақтауға болады. Қолданғаннан кейін қақпақты мықтап жабыңыз.



ҚАПТАМА

12 литр, 2,5 литр, 0,75 литр

ЕСКЕРТПЕ ЖАЗУЫ

Абайлаңыз

ҚАУІПТІ ӘСЕР ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

H226: Жанғыш сұйықтық және бу.

H304 Жұтылған және тыныстаған жағдайда өлімге әкелуі мүмкін

H361: Ұрықтылыққа немесе ұрыққа зиян келтіруі мүмкін

H373 Ұзақ немесе бірнеше рет әсер ету нәтижесінде ағзаларға зиян тигізуі мүмкін

ҚАУІПТІ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

P101 Дәрігерге жүгінген кезде өзіңізбен бірге өнімнің қаптамасы немесе затбелгісі болуы керек.

P102 Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

P103: Қолданар алдында жапсырмадағы мәтінді оқыңыз.

P210 Жылудан, ыстық беттерден, ұшқындардан, ашық оттан және басқа тұтану көздерінен қорғаңыз. Темекі шегуге болмайды.

P241: Жарылысқа төзімді электр / желдету / жарықтандыру / ... / жабдықты пайдаланыңыз.

P301+P310 ЖҰТЫП ҚОЙҒАН ЖАҒДАЙДА: *Дереу ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚҚЫ немесе дәрігер-мамандарға/терапевтке хабарласыңыз*

P303+P361+P353 Теріге (немесе шашқа) тиген жағдайда барлық ластанған киімдерді дереу шешіп, теріні сумен/душта шайыңыз.

P405: Жабық бөлмеде сақтаңыз.

P501 Жергілікті / өңірлік / ұлттық / халықаралық ұйғарымдарға сәйкес ішіндегісін / ыдысын жою.

Таңбалау үшін қауіпті анықтайтын компоненттер: Бензол-еріткіші (мұнай-газ шикізаты), орташа алифаттық

Позиция нөмірі

Y.25.001/07

Тариф нөмірі

04,561/03

Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Олай болмаған жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы өнім «Betek A.Ş.» Акционерлік қоғамы тарапынан TS ISO / IEC TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO/IEC 27001 стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы сертификатпен дайындалды.

2020 жылғы 5 наурыздағы редакция.